

Қазақстан Республикасындағы атқару билік органдарының бюджеттік құқықтары: қалыптасуы мен жүзеге асырылуының кейбір теоретикалық сұрақтары

Бейсембеков А.С.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В статье рассматриваются вопросы реализации органами исполнительной власти бюджетных прав, а также правовые механизмы участия данных органов в бюджетном процессе. Автором исследуются структурные подразделения органами исполнительной власти, отвечающие в пределах своих компетенций за реализацию бюджетной политики в стране. Проанализированы на основе соответствующих нормативно-правовых актов полномочия Министерства финансов как структурного подразделения Правительства Республики Казахстан. Исследована тенденция формирования бюджетных прав органов исполнительной власти.

In given article are considered questions to realization organ executive authorities of the budgetary rights, as well as legal mechanisms of the participation data organ in budgetary process. Also in article are researched structured subdivisions organ executive authorities, answering within their own competency for realization budgetary politicians in country. They are Analysed on base corresponding to normative-legal acts of the authority Ministry of finance Republics Kazakhstan as structured subdivision Government Republics Kazakhstan. The Explored trend of the shaping the budgetary rights organ исполнительной authorities.

КСРО-ның ыдырауынан кейін Қазақстанда демократиялық және құқықтық мемлекет құрудың негізі ретінде үш тармақты билікке бөліну концепциясын ұстану үрдістері мемлекеттік басқару органдарының құқықтық табиғаты мен олардың қоғам дамуындағы орнына деген көзқарасты өзгертті және қоғамның конституциялық модернизациялануының жаңа кезеңінің басталуының негізін қалыптастырды. Қазақстандағы конституциялық реформалар нәтижесінде кеңестік типтегі атқару органдары жүйесінен классикалық үлгідегі атқару органдары жүйесіне көшу үрдісі жүрді. Атқару билігі мемлекеттік биліктің заңшығарушы және сот билігі тармақтарымен қызметі барысында тығыз өзара әрекет ететін «салыстырмалы тәуелсіз» билік тармағына жатады. Біздің ойымызша, билік тармақтарының тәуелсіздігінің абсолюттенуі мемлекеттік билік институттарының қызмет ету механизмінде негативті салдар әкелуі ықтимал. Мысалы, 90-шы жылдардың басында билік тармақтары арасына мемлекеттегі нақты жағдайға объективті баға бермей, бір-бірінің қызметіне араласу байқалды. Әсіресе ол Жоғарғы Кеңестік Министрлер Кабинетінің қызметіне араласуынан көрініс тапты. Осындай мемлекеттік билік механизміндегі беталыстар бюджеттік-құқықтық қатынастарды да қамтыды. Сондықтан да Қазақстанның конституциялық дамуы барысында күшті президенттік биліктің болуы нақты жағдайға негізделген объективті фактор болып табылады. Тәуелсіздік алған жылдардың бастапқы кезеңдері күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың орын алуымен сипатталды. Әлеуметтік жүйенің қажеттілігін қамтамасыз ету бойынша атқару билігі органдары алдында ауқымды тапсырмалар тұрды. Егер бүгінгі таңда Қазақстанда атқару билігі алдында экономикалық жүйедегі инновациялық сипаттағы жоспарларды, ал әлеуметтік салада адам дамуының әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері сынды өлшемдері мен стандарттарын қамтамасыз ету мақсаты тұрса, 90-шы жылдардың басында зейнетақы мен бюджеттік мекемелердегі еңбек ақыны және тағы басқа әлеуметтік төлемдерді уақытылы төлеу мәселесі күрделі тұрды.

Атқарушы биліктің жоғарғы эшелоны ретінде көптеген мемлекеттерде Үкімет танылады. Қазақстан Республикасында атқарушы билік жүйесі органдарының қызметін үйлестіру Үкіметке тиесілі және ол Конституцияда бекітілген. Нақтырақ айтатын болсақ, Конституцияның 64-бабының 1-тармағында Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды делінген. Сонымен қатар Негізгі Заңның осы бабының 2-тармағында ҚР Үкіметі алқалы орган болып табылады және өзінің бүкіл қызметінде Республика Президентінің алдында жауапты, ал Конституцияда көзделген жағдайлар бойынша Парламент Мәжілісінің және Парламенттің алдында жауапты болатындығы айтылған [1].

Қазақстан Республикасында атқару органдарының қызметі басқа да бірқатар құқықтық актілермен реттелінген. Осы актілер жүйесінде ҚР Үкіметі туралы 1995 жылғы 18 желтоқсандағы

Конституциялық заңы және ҚР жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы 2001 жылғы 23 қаңтардағы ҚР Заңы орталық сипатқа ие.

Атқарушы билік органдары мемлекеттік биліктің атқарушы тармағын жүзеге асыратын негізгі субъект болып табылады және онсыз мемлекеттік басқарушылық қызметті жүзеге асыру, әкімшілік-құқықтық қатынастардың пайда болуы мүмкін емес. Сондықтан да, біздің ойымызша, Қазақстанда атқарушы органдары бюджеттік-құқықтық қатынастардың негізгі субъектілерінің бірі болып табылады. Оны бюджеттік процестің кезеңдерінің жүзеге асырылу барысынан көруге болады. Бюджеттік процестің мемлекеттің өз органдары мен лауазымды адамдары арқылы барлық деңгейдегі бюджеттерді жасау, қарау, бекіту, атқару, атқарылуын бақылау және атқарылуы туралы есептерді бекіту жөніндегі заң арқылы регламенттелген қызметі екендігін ескеретін болсақ, онда аталмыш кезеңдердің басым көпшілігі ҚР атқару билігі органдарының қызметімен тікелей байланыстылығын көруге болады. Нақтырақ айтатын болсақ, атқару органдары бюджет құқығының субъектісі ретінде бюджеттерді жасауға, атқаруға, атқарылуын бақылауға және олардың атқарылуы туралы есептерді өкілді билік органдарының бекітуіне ұсынуға байланысты құзыреттерге ие. Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін алғаннан кейін мемлекеттік билік органдарындағы реформа атқарушы билік органдарын тыс қалдырмады. Сәйкесінше атқарушы билік органдарының бюджет саласындағы өкілеттіліктерінің құқықтық реттелуі барысына де әсер етті. Мысалы, 1991 жылы 17 желтоқсанда қабылданған ҚР бюджет жүйесі туралы Заңының 3-бабы негізінде бюджет жобасын жасау құзыреті ҚР Министрлер Кабинетіне берілген. Жоба ҚР Жоғарғы Кеңесінің барлық комитеттерімен қаралады және тиісті комитеттің тиісті қорытындысын алады. Өзгертулер мен толықтырулардан кейін бюджет жобасы Жоғарғы Кеңестің бекітуіне жіберіледі. Аталмыш заңның ерекшелігі ретінде бюджет жобасы туралы Жоғарғы Кеңестің сессиясында ҚР Президентінің немесе оның тапсырмасы бойынша Үкімет Төрағасының баяндамасы тыңдалады. Сонымен қатар бекітілген бюджет жобасын орындау дерлік атқару билік органдарының құзырында болады және орындалуы туралы есепті тыңдау және бекіту өкілетті билік тармағының үлесінде болды.

Бюджет саласындағы құқықтық реформаға сәйкес Бюджет жүйесі туралы ҚР Заңын 1996 жылғы 24 желтоқсанда жаңа редакцияда қайта қабылданды және осы заңда алғаш рет алғаш рет бюджет процесін реттейтін тарау жеке орын тапты [2]. Әрине, ескі заңның мазмұны негізге алынғанмен жаңа заң бюджет саласындағы мемлекеттік билік органдарының өкілеттіліктерін, оның ішінде атқарушы органдардың бюджет саласындағы өкілеттіліктерін қайта қалыптастырды. Атқарушы билік тармағының бюджет саласындағы құзыреттерін қарастыру ең алдымен «осы органдар жүйесіне қандай субъектілер жатады?» деген заңды сұрақ тудырады. Қазіргі кезде атқарушы биліктің келесідей органдары бар: ҚР Үкіметі; ҚР министрліктері; ҚР агенттіктері; орталық атқарушы билік органдарының аймақтар бойынша құрылатын басқармалары, департаменттері және т.б. Бұлар республикалық деңгейдегілер. Жергілікті деңгейде әкімшілік аумақтық бөліністерде әкімдер, әкімдіктер, олардың басқармалары, департаменттері, бөлімдері және т.б. Сондықтан да, біздің ойымызша, атқару билігі органдарын бюджет саласындағы құзыреттері бойынша республикалық және жергілікті деңгейде деп бөліп қарастыру дұрыс деп ойлаймыз. Себебі кез келген бюджет құқығының субъектілерін анықтау олардың өкілеттіліктері қандай бюджеттің орбитасында жүзеге асырылатындығы арқылы жүргізіледі. Мысалы, республикалық бюджет төңірегіндегі бюджеттік-құқықтық қатынастар мен жергілікті бюджеттерге байланысты қатынастар сәйкесінше топтастыруды талап етеді. Ол жүйелі түрде алғаш рет 1996 жылғы 24 желтоқсанда қабылданған ҚР Бюджет жүйесі туралы Заңында көрініс тапты. Сондықтан Қазақстанның бюджет саласындағы заңнамасында алғаш рет бюджет процесін және оның кезеңдерін құқық реттеуге арналған жеке тарау 1996 жылғы 24 желтоқсанда қабылданған ҚР Бюджет жүйесі туралы Заңының мазмұнында орын тапты. Мысалы, аталмыш заңның 17-бабына сәйкес ҚР Үкіметі белгілеген мерзімде Қаржы министрлігі Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауының, әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының, бюджеттің ағымдағы атқарылуын бағалаудың, макроэкономикалық көрсеткіштердің серпінділігінің, ақша-несие саясатының негізінде алдағы қаржы жылына арнап жасалған бюджет саясатының негізгі бағыттарын және мемлекеттің біріктірілген қаржы балансының жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне табыс етеді [2].

Жалпы 1991 жылы 17 желтоқсанда қабылданған ҚР Бюджет жүйесі туралы Заңына қарағанда 1996 жылғы 24 желтоқсанда қабылданған Заң Үкіметтің бюджет саласындағы өкілеттілігін мүмкіндігінше детальді түрде анықтады. Республикалық және жергілікті бюджеттердің жасалу және атқарылу ережелерін ҚР Қаржы министрлігі әзірлеп, Үкімет бекітті. Мемлекеттік бюджет қаражаты

есебінен бағдарламалар бойынша жұмыстар атқару мен қызмет көрсетуге тапсырыстарды орналастыру, әдетте, конкурстық негізде жүргізілді, ҚР Үкіметі және жергілікті атқарушы органдар тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептер жариялады. 18-бапқа сәйкес республикалық бюджетті жасау мемлекеттің біріктірілген қаржы балансының ҚР Үкіметі мақұлдаған жобасы Қаржы министрлігінің республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу және алдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттің жалпы мемлекеттік салықтар мен алымдардан жергілікті бюджеттерге қаржы аудару нормативтерінің және республикалық бюджетпен жорамалданып отырған басқа да өзара қатынастардың шамасын айқындау кезінде негізге алынатын ірілендірілген параметрлерін айқындау үшін негіз болып табылды. Республикалық бюджеттің жобасы ҚР Қаржы министрлігі бекітетін бюджеттік жіктеуге сәйкес әзірленеді. Республикалық бюджет туралы заңның жобасында түсімдердің барлық түрінің жиынтығы, ретке келтіруші жалпы мемлекеттік салықтарды бөлу нормативтері, сондай-ақ бюджеттік жіктеуге сәйкес, бюджет тапшылығының бюджет (профицитінің) мөлшері атала отырып, функционалдық топтар, қызметтер, кіші қызметтер мен мекемелер бойынша шығыстардың шекті мөлшері, сондай-ақ ресми трансферттердің жобаланып отырған мөлшері көрсетіледі [2].

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы қоғамның құқықтық реформалануы мен нарықтық экономика талаптарына сәйкес 1999 жылы жаңа даму кезеңіне өтті. Нақтырақ айтатын болсақ, 1999 жылы 1 сәуірде ҚР Бюджет жүйесі туралы Заңы жаңа редакцияда қайта қабылданды [3]. Аталмыш заңды Қазақстанның тарихында алғаш рет 2004 жылдың 24 сәуірінде Бюджет кодексі алмастырды. Бұл Қазақстан Республикасындағы бюджет саласындағы заңнаманы алғашқы кодификациялау болды. Аталмыш Кодексте алғашқы рет мемлекеттік басқару органдарының, оның ішінде атқарушы органдардың бюджеттік қатынастарды реттеу саласындағы құзыреттері бекітілді. Мысалы, Кодекстің 58-бабында ҚР Үкіметінің құзыреттері анықталған. ҚР Үкіметі бюджеттік қатынастарды реттеу саласында [4]:

- ҚР Парламентіне республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы жылдық есепті табыс етеді;
- Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті табыс етеді;
- жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу тәртібін айқындайды;
- республикалық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді, республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару тәртібін айқындайды;
- тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулы қабылдайды;
- қарыз алуды жүзеге асырады;
- салалық (секторлық), өңірлік және бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу, іске асыру және олардың тиімділігін бағалау тәртібін айқындайды;
- орта мерзімді фискалдық саясат жобасын әзірлеу тәртібін айқындайды;
- жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қарау тәртібін айқындайды;
- салықтық емес түсімдерді алуға жауапты және олардың түсуіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдардың тізбесін, оларды бюджетке аудару тәртібін айқындайды;
- мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру қажеттігі туралы шешімдер қабылдайды делінген.

ҚР 2008 жылғы 4 желтоқсанда Парламентпен қабылданған жаңа Бюджет кодексі бюджет құқығының дамуында серпінді импульс болды [5].

Қоғамның әрі қарайғы құқықтық дамуы мемлекет өмірі үшін маңызды, оның ішінде бюджет жүйесімен байланысты сұрақтарды демократиялық жолмен шешуді талап етті. Себебі демократиялық институттардың дамуы атқарушы билік тармақтарының бюджет процесіне құқықтық тұрғыда араласуын жаңа форматта қарастыруды талап етті. Сонымен қатар аталмыш Кодекс әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайында ұлттық экономика мен қаржы жүйесіне тек оңтайлы ықпал етті.

Бюджет процесі мемлекеттік билік органдарының құқықтық тұрғыда жанасатын алаңы болып табылады. Осы орайда атқару билігі органдарының бюджеттік процеске оның алғашқы сатыларынан бастап қатысуын ҚР заңнамасы айқындаған. Мысалы, Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңының 9-бабына

сәйкес ҚР Үкіметі Республика Президенті белгілейтін тәртіппен республикалық бюджетті әзірлеу мен оны өзгертуге қатысады, Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді [6].

Жалпы бюджет жобасын дайындау бюджеттік үрдістің алғашқы сатысы болып табылады. Ол ҚР Бюджет кодексінің 11–12-тарауларымен реттелінген [5]. ҚР БК 60-бабына сәйкес бюджет саласындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін ҚР Президенті айқындайды. Дегенмен де аталмыш бап ҚР Үкіметінің бюджеттік саясат пен жоспарлау жүйесін анықтау үрдісіне араласу құқығына ие еместігін білдірмейді. ҚР БК 60-бабына сәйкес бюджеттік жоспарлау барысында республиканың немесе өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен бюджеттік параметрлерінің болжамы және мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары пайдаланылады [5].

Тәжірибе республикалық және жергілікті бюджет жобаларын жасау барысында ҚР Үкіметінің ықпалы басым екендігін көрсетті. Бізге осындай пікірге келуге қандай жағдайлар негіз болды және ол билік тармақтарының бюджеттік процеске қатысу үрдісіне қалай әсер етеді? Сонымен, республиканың немесе өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен бюджеттік параметрлерінің болжамы және мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары бюджет жобасын әзірлеудің негізгі ұстанымдық құжаттары болып табылады. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы кезеңінде және ҚР Үкіметінің атқару билігі органдары жүйесінің негізгі орталық органы ретінде елдегі әлеуметтік-экономикалық саясаттың жоспарлануы мен жүзеге асырылуына бірден-бір жауапты орган болғандықтан, бұл заңды құбылыс. Осы мақсатта ҚР Үкіметімен 2009 жылғы 27 тамыздағы № 1251 қаулысымен әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеудің ережесі бекітілді [7]. Аталмыш ережеге сәйкес ҚР Үкіметі мемлекеттік басқарудың орталық деңгейінде әзірленетін әлеуметтік-экономикалық даму болжамының құрылымы ретінде келесі бөлімдерді қамтиды:

- экономикалық даму үрдістерді;
- даму факторлары мен шарттарын;
- республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсатты индикаторларын;
- экономикалық саясат және жылдар бойынша бөліп көрсете отырып, әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамын;
- бюджет параметрлерінің үш жылға арналған болжамын;
- әлеуметтік-экономикалық даму мен бюджет параметрлерінің негізгі көрсеткіштерінің болжамын.

Ал бюджет параметрлерінің болжамы ҚР салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарын, мемлекеттік және республикалық бюджеттердің, Ұлттық қордың, шоғырландырылған бюджетінің болжамдарын, үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша шығыстардың болжанатын көлемін қамтиды. Сонымен қатар осы Ережеге сәйкес мемлекеттік басқарудың жергілікті деңгейінде әзірленетін әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамы экономикалық даму үрдістерінен, экономиканың даму факторлары мен шарттарынан, мақсатты индикаторлар мен жылдар бойынша бөліп көрсете отырып, әлеуметтік-экономикалық даму болжамынан, бюджет параметрлерінің үш жылға арналған болжамынан, әлеуметтік-экономикалық даму және бюджет параметрлері негізгі көрсеткіштерінің болжамынан тұрады. Сәйкесінше жергілікті деңгейде бюджет параметрлерінің болжамы бюджет саясатының негізгі бағыттарын, тиісті жергілікті бюджеттердің және үш жылдық кезеңге арналған жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша шығыстардың болжанатын көлемін қамтиды.

Республиканың немесе өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен бюджеттік параметрлерінің болжамы бұл жай ғана сөз тіркесі емес, мемлекет пен оның азаматтары үшін маңызды келесі басымдықтарды қамтитын:

- 1) мемлекеттік басқарудың орталық деңгейінде — макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын, әлеуметтік параметрлердің болжамын, Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының үрдістері мен басымдықтарын;
- 2) мемлекеттік басқарудың жергілікті деңгейінде — өңірдің бес жылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын, үрдістері мен басымдықтарын;
- 3) үш жылға арналған бюджеттік параметрлердің болжамын қамтитын құжат болып табылады [5].

Бюджеттік параметрлердің болжамы өз алдына салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарын, мемлекеттік және республикалық бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Қазақстан Республикасының шоғырландырылған бюджетінің болжамдарын, республикалық

бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша шығыстардың болжанатын көлемін, өңірдің салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарын, тиісті жергілікті бюджеттердің болжамын, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша шығыстардың болжанатын көлемін қамтиды. Ал ҚР Үкіметі әзірлеген бюджет жобасын ҚР Бюджет кодексінің 71-бабы негізінде Республикалық бюджеттік комиссияның қарауына енгізуін бюджет процесі барысындағы атқарушы билік тармағының басқа да мемлекеттік органдармен құқықтық қатынасқа түсуінің алғашқы сатысы ретінде тануға болады. ҚР Бюджет кодексінің 57-бабына сәйкес Республикалық бюджеттік комиссиялар бюджет жобасын уақтылы және сапалы әзірлеуді және бюджетті нақтылау және атқару жөнінде ұсыныстар дайындауды қамтамасыз ету мақсатында құрылады. Комиссия ҚР Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі Республикалық бюджет комиссиясы туралы ережені бекіту туралы Жарлығы негізінде өзінің қызметін жүзеге асырады [8]. Осы ережеге сәйкес комиссияның құрамын ҚР Үкіметінің ұсынуы бойынша ҚР Президенті белгілейді және комиссия құрамына келесі лауазымды тұлғалар кіреді:

- комиссия төрағасы;
- комиссия төрағасының орынбасарлары;
- комиссия хатшысы;
- комиссия мүшелері.

Сәйкесінше жергілікті атқару билігі органдары жергілікті бюджеттік комиссияларды құрады, құрамын айқындайды және олар туралы ережені бекітеді. Нақтырақ айтатын болсақ, ҚР Бюджет кодексінің 57-бабында облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдіктері тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік комиссияларын құрады, олар туралы ережені бекітеді, олардың құрамын айқындайды делінген. Кодекстің аталмыш баптары жергілікті бюджеттік комиссиялардың қызметтері мен құрамын анықтауға атқару билігі органдарының (жергілікті) еншісіне бергендігін аңғаруға болады. Бұл, жоғарыда атап өткендей, ҚР орталық және жергілікті атқару билігі органдарының мемлекеттің бюджет саясатын анықтауға араласатындығы туралы тұжырымымызды дәлелдейді.

Ендігі кезекте атқару билігі органдарының бюджеттік құқықтарының конституциялық механизмдерінің жүзеге асырылу үрдісіне тоқталайық. ҚР Конституциясының 64-бабының 1-тармағына сәйкес Үкімет Республиканың атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды. Ал осы баптың 2-тармағы Үкіметтің алқалы орган болып табылатын және өзінің бүкіл қызметінде Республика Президентінің алдында жауапты екендігін, ал Конституцияда көзделген жағдайларда Парламент Мәжілісінің және Парламенттің алдында жауапты екендігін баяндайды [Конституция]. Аталмыш баптың 1-тармағы сәйкесінше Үкіметтің атқару билігі органдарының бюджет саласындағы қызметіне басшылық жасай отыра, олардың осы саладағы қызметтерін нормативтік тұрғыда қамтамасыз ететіндігін көруге болады және аймақтық бюджет процесі мен саясатының құқықтық қамтамасыз етілуі Үкіметтің үлесінде деп ұйғаруға болады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 шілдеде Жергілікті бюджеттер жобаларын әзірлеу ережесін бекітті [9]. Ал Бюджет кодексінің 64-бабында Республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу тәртібін ҚР Президенті айқындайды, ал жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу тәртібін ҚР Үкіметі айқындайды делінген [5].

ҚР Қаржы министрлігінің бюджет саласындағы өкілеттіліктері ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірде бекітілген ҚР Қаржы министрлігі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады. Осылайша мемлекеттегі бюджет жобасын әзірлеу орталық және жергілікті атқару билігі органдарының прерогативасы болып табылады. Осындай жағдай тек Қазақстан үшін ғана емес, сонымен қатар бірқатар дамыған шет мемлекеттер үшін де сипатты болып табылады. Мысалы, АҚШ-та Президент жанындағы Әкімшілік-бюджеттік басқарма федералдық бюджет жобасын әзірлеуге байланысты жұмыстарды жүзеге асырады және оны Конгреске Президент енгізеді. Бұл бізге АҚШ-та аталмыш органның атқару билігі органдарының бюджеттік процеске байланысты іс-қимылдарын үйлестіретіндігін және олардың бюджет саласындағы қызметтеріне жалпы басшылықты жүзеге асыратындығын көрсетеді. Германия және Жапон мемлекеттерінде осы қызметтерді қаржы министрліктері, Франция да мемлекетінде Экономика және қаржы министрлігі мен Бюджет министрлігі, Ұлыбританияда Қазынашылық министрлігі, ал ТМД мемлекеттерінде жоғарыда көрсетілген бюджет саласындағы қызметтерді жүзеге асыруда басымдылық атқару билігі органдары-

на тиесілі. Мысалы, Ресей Федерациясында, Өзбекстанда, Қырғызстанда және Грузияда бюджет жобасын әзірлеуді-қаржы министрлігі жүзеге асырады.

Бюджет процесінің бюджет жобасын дайындау сатысы үшін жан-жақты өлшенген, ғылыми негізделген ұйымдасқан кешенді жұмыстардың бюджеттік кезең үшін маңызы зор. Себебі мемлекеттің алдына қойған міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру орталықтандырылған ақша қоры ретінде бюджеттің мазмұнына тікелей байланысты. Бюджет процесін қамтамасыз етуге байланысты ҚР Қаржы министрлігі бірқатар қызметтерді жүзеге асырады және олардың негізгілеріне тоқталу арқылы аталмыш органның қызметіне талдау жасауға тырысайық. ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірде бекітілген ҚР Қаржы министрлігі туралы ережесіне сәйкес министрліктің жалпы құзыретіне байланысты атқаратын қызметінің тізімі көрсетілген. Олардың әрқайсысы белгілі бір деңгейде бюджетпен, бюджет жүйесімен және бюджет үрдісімен байланысты.

Қоғамдағы жедел басқаруға байланысты қатынастардың басым бөлігі атқарушы билікке тіреледі және одан бастау алатындығын айта келе, Қазақстан Республикасындағы конституциялық реформалардың барлығы атқару билігі қызметінің конституциялық-құқықтық реттелуіне белгілі дәрежеде байланысты екендігі даусыз. Мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы, жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету механизмдерінің және басқа да көптеген қоғамдық қатынастардың жүзеге асырылуы атқарушы билік органдарының қызметтерімен тікелей байланысты екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Сондықтан да атқарушы билік жүйесін, оның органдарының қызметін ұйымдастыруға байланысты сұрақтар құқықтанушылардың зерттеуін талап ететін және алдағы уақытта көптеген зерттеулердің пәні, объектісі болатындығы күмән тудырмайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Бюджет жүйесі туралы Заңы. 1996 жылғы 24 желтоқсан. Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. — 1996. — № 26.
2. Бюджет жүйесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы. — 1999 жылғы 1 сәуір. Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. — 1999. — № 10.
3. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірде қабылданған Бюджет кодексі // Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы. — 2004. — № 8, 9.
4. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі // ҚР Парламентінің Жаршысы. — 2008. — № 21, 22.
5. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы № 2688 Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы Конституциялық заңы // ҚР Жоғары Кеңесінің жаршысы. — 1995. — № 23.
6. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығы. — ҚР ПУАЖ-ы. — 2009. — № 30.
7. Республикалық бюджет комиссиясы туралы ереже. ҚР ПУАЖ-ы. — 2009. — № 18.
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 шілдеде Жергілікті бюджеттер жобаларын әзірлеу ережесі. — ҚР ПУАЖ-ы. — 2009. — № 32.
9. ҚР Қаржы министрлігі туралы ереже. — ҚР ПУАЖ-ы. — 2008. — № 22.